

Арал аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күшін жою туралы

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2018 жылғы 25 қазандағы № 197 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 қазанда № 6484 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арал аудандық мәслихатының төмендегі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Арал аудандық мәслихатының "Арал аудандық ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 153 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4649 нөмірімен 2014 жылы 30 сәуірде тіркелген, аудандық "Толқын" газетінде 2014 жылы 17 мамырында жарияланған).

2) Арал аудандық мәслихатының "Арал ауданының елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алуға әлеуметтік көмек беру туралы" аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі №153 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2014 жылғы 5 қарашадағы № 192 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4802 нөмірімен 2014 жылы 19 қарашада тіркелген, аудандық "Толқын" газетінде 2014 жылы 13 желтоқсанда жарияланған).

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Арал аудандық мәслихатының кезектен
тыс отыз екінші сессиясының төрағасы*

Т. Қанатов

Арал аудандық мәслихатының хатшысы

Д. Мадиев